




№100 (10090)
21 желтоқсан,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Тағылым

Жұрт жүрегіндегі Жүргенов



ТЕРМЕ – ТӘРБИЕ, ЖЫР – РУХ
республикалық жыршылар байқауы

Белгілі мәдениет майталманы Құрманбек Жандарбеков «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз» десе, академик Ахмет Жұбанов «Жүргеновтің кабинетінен шыққанда Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік» деп тау тұлғаның қажыр-қайратын жоғары бағалайды.

Иә, XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ішіндегі ұлттық мәдениет пен халық ағарту ісін көтеру, он жылдық мектептерді ұйымдастыру, кадрлар даярлау, ұлт тілі мен әдебиетті, театрды, қазақ баспасөзін, ғылыми-зерттеу мекемелерін ашуға қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің орны айрықша. Ол қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті.

Осы орайда облыс орталығында «Руханият жылы» аясында мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің өнегелі өмір жолына, «Шаһнаманың» жарық көргеніне 90 жыл «Терме» жинағының жарық көргеніне 100 жыл толуына арналған «Терме – тәрбие, жыр – рух» атты республикалық жыршылар байқауы өтті.

Тағылымды шараға Астана, Алматы, Маңғыстау, Ақтөбе, Павлодар, Түркістан қалаларынан және аудандардан жыршылар қатысты. Байқауға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Алмас Алматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлжан Байбосынова, қоғам қайраткері, Т.Жүргенов атындағы қордың төрағасы Сәби Аңсат төрелік етті.

Рухани шараның қонағы облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын оқып, жыршыларға сөз сөйледі.

– Темірбек Жүргенов есімі қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына құрметті, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға. Жүргеновтің тікелей атсалысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданды. Алматыдағы бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының І съезінің Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін ұйымдастырушылардың бірі болды. Ол қазақ жастарының КСРО-ның орталық қа-

лаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетті. Мұхтар Әуезов, Жұмат Шанин, Әбілхан Қастеев секілді қайраткерлердің шығармашылықпен айналысуына жағдай жасады. Тұрмағамбет шайырды Алматыға арнайы алдырып, Фердоусидің «Шаһнамасын» қазақ тіліне аудартты. Темірбек Қараұлы – өзіне өлмес, тозбас ескерткіш соғып кеткен туғырлы тұлға. Біздің міндетіміз – оның есімін халық жадында жаңғыртып, өскелең ұрпаққа насихаттау. Халқымыздың дара перзенттерінің мұрасы ел игілігіне қызмет ете берсін. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалар сөз маржанын жарқырата жырлап, жеңіс иесі болыңыздар. Баршаныңа сәттілік тілеймін, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Еске салайық, елдің ертеңіне өлшеусіз еңбек сіңірген қайраткер

Темірбек Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойын бытыр Жалағаш жұрты жұдырықтай жұмылып, ауызбіршілікпен атап өткен болатын. Айта кетейік, қайраткердің туған жері Темірбек Жүргенов ауылында тау тұлға атында көше, мектеп-лицей мен саябақ бар. Қазіргі таңда елді мекенде 300-ден астам отбасы өмір сүреді. 1800-ден астам халық мекен еткен қайраткер атындағы ауылдың бірлігі бекем, тірлігі тиянақты. Сондай-ақ Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы аясында елді мекеннің еңсесін тіктейтін бірқатар екілді жобалар қолдау тауып, бүгінде жергілікті халық оның игілігін көруде. Солардың бірі – қайраткер атындағы ауылда бой көтерген Темірбек Жүргенов атындағы саябақ.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



БАСПАСӨЗ – 2025

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!



Мерзімді басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылына жазылу жүріп жатыр. Ел жаңалығын біліңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзбеңіз.



СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!

Еңбек адамы

Зидашкүл ОРАЗБАЕВА, тазалықшы:

Елді сүю – адал еңбектен

Күнделікті жұмыс барысымен жүріп, кент орталығында көше тазалап, қоқыс жинап жүрген кісіні кездестірдім. Кісінің хал-жағдайын сұрап, жастарға үлгі ретінде жұмысшы адамнан сұхбат алуды жөн көрдім. Бірақ апаның жаурағанын байқап, редакцияға бірге келіп, жұмысы жайында әңгімелестік. Таңнан кешке дейін аудан тазалығын сақтаумен айналысатын ол бізге күнделікті жұмысы, отбасы туралы айтып берді.

Зидашкүл Оразбаеваның тазалықшы болып жұмыс істегеніне 24 жылдан асқан. Нақтырақ айтсақ, кент әкімдігіне қарасты «Жалағаш қызмет» ішкі тазалық мекемесінде жұмысшы. Туған жеріміз Жалағаш көшелерін көркейтпін, құл-қоқыстан тазалайды. Айтуынша, қазір оның мойнында кенттегі бірнеше көшенің тазалығы тұр.

– Туған жерім – Жалағаш ауданы. Осы мекенде өсіп-өндік, жайбарақат өмір сүрудеміз. Шүкір, 4 баланың анасымын, сондай-ақ 7 нөмере сүйіп отырған бақытты әжемін. Айтпақшы, келесі жылы зейнетке шығамын. Иә, 25 жылға жуық тазалықшы ретінде жұмыс істеп келемін. Кезінде тұрақты жұмыс іздеп жүргенімде мемлекеттік мекеме өкілдері тазалықшы болып жұмыс істеуді ұсынды. Содан міне, тазалықшы болып еңбек етіп келемін. Жұмыс уақыты жазда таңертең 8.00-де басталса, қыста сағат 9.00-де басталады. Өзімізге белгіленген аумақты, оның ішінде жол жиектері, көшелерді, арықтарды құл-қоқыстан тазартамыз. Әйтеуір күні бойы тыным таппаймыз, – дейді ол.

Зидашкүл Оразбаева тыным таппай еңбек еткеніне ай сайын тұрақты белгіленген жалақы алатынын айтады. Мереке күндері басшылық сыйақы да береді екен. Қазір ұжымда өзі секілді 60-қа жуық тазалықшы, сондай-ақ техникаларды тізгіндеген жүргізушілері бар.

Сөз арасында тазалықшы апай тұрғындардың көбі қоқыс жәшіктерін құрылыс материалдары мен жиһаздарға толтырып тастайтынын, оларды жинау үшін біраз өлеңке түсетінін жеткізді. Сондай-ақ көшеге қоқыстарын тастай салатын азаматтарды да тілге тиек етті.

– Кейбір тұрғындар қоқысты көз келген жерге тастай салады. Қоршаған



ортаға, ауданның тазалығына жауапкершілікпен қарамайды. Меніңше, тазалық табалдырықтан басталады. Сондықтан қай кезде де туған жерімізге, қоршаған ортаға жанаңшыр болайық, – дейді кейіпкеріміз.

Тазалық сақшысы бізге күнделікті жұмыс барысында басынан өткен қызықты оқиғаларымен де бөлісті. Аязды қыс мезгілінде тазалықшылар күнделікті жұмыстарына шығыпты. Қанша қалың киім кісең де далада 10 секундтан артық тұра алмайтынды суық екен. Алайда тазалық сақшылары күннің аязына қарамастан міндеттерін орындауға бел буған. Сол кезде бір топ жалағаштық жас ыстық шөй мен балғын бөлшептерін өкеліп, тазалықшыларға ұсыныпты. Міне, жастардан мұндай ізгілікті істі көрген жұмысшылар елімізді жарқын болашақ күтіп тұрғанына көмілсеңіз, көтеріңкі көңіл-күймен жұмыстарын жалғастырып.

Мемлекет басшысы 2025 жылды Қазақстан үшін «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы, жұмысшы мамандықтарын дәртіптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихатталатынын жеткізген еді. Осы орайда аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағаш кентінің тазалық сақтау саласындағы азаматтармен кездесіп, ауданның 85 жылдық мерейтойы қарсаңында арнайы төсбелгі және алғыс хат табыстады. Туған жердің гүлденуіне зор үлес қосып, марапат төрінде көрінгендер қатарында Зидашкүл Оразбаева да болды.

– «Еңбектің наны тәтті» демекші, еңбектенген адам далада қалмайды. Жұмыстың оңайы жоқ. Біз жазда қоқыс жинап, тал өктейміз, қыста қар тазартамыз. Қуанаатынымыз, жұмыстан кейін мекеменің келгі үйімізге апарып тастайды, қажетті арнайы киімдерімізді алып береді. Басшылық мереке сайын

сыйақы тағайындап, «үлкен кісілер ғой» деп бізді сыйлайды. Соған ризамыз. Өзім көпбалалы ана болғанмен, балаларға қол жаймай, осылай еңбек еткенді дұрыс көремін. Бұл салада еңбек ететінімді мақтан тұтамын. Осылайша өмір бойы үй мен түз тірлігінен қол үзбей келе жатырмын. Шүкір, Жалағашым бүгінде тап-таза, көрікті, – дейді еңбек адамы.

Айта кетейік, биылдан бастап кентте көркейту-көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу үшін кент әкімі аппаратының жанынан «Жалағаш қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылған. Аталған мекеме арқылы биыл 8470,5 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылған. Міне, Зидашкүл Оразбаева секілді еңбегі адал азаматтардың арқасында ауданымыз жыл сайын көркеюде.

Жандос ЖАЗКЕН

Аңдатпа

Су тасқынынан сабақ алдық па?



Аудан жаңалықтары Құрылыс сапасы бақылауда

Жалағаш кентінде бірқатар құрылыс нысаны бой көтеруде. Осы ретте аудан әкімі Ардақ Ибраимов жауапты сала басшыларымен бірге кентте салынып жатқан құрылыс нысандарын аралады.



Әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған тұрғын үйлердің сапасы ерекше маңызға ие. Бұл ретте аудан басшысы мердігерлерге баспаға сапасында мін болмау қажеттігін қатаң ескертті.

Облыс әкімінің қолдауымен салынып жатқан «Руханият» орталығының сыртқы және ішкі жұмыстары тұрақты бақылауда. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов жаңа ғимараттың барлық құрылымдары үйлесімді және сапалы болуы міндетті екенін айтты.

Сонымен қатар аудан жаққа көп шоғырланатын базар маңындағы барлық кәсіпкер тұрғындардың қозғалысына кедергі келтірмеу қажеттігін ескертті. Жаяу жүргіншілер жолын жауып тастаған құрылыс заттары мен қалдықтарды түгел алып тастау қажеттігін де қатаң тапсырды.



Макроэкономикалық көрсеткіштерде өсім бар

Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, бюджеттің атқарылу қорытындылары мен сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарларды сақтау мәселелері бойынша облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен мәжіліс өтті.

Жалағаш ауданы бойынша 2024 жылдың 11 айында жоспарланған макроэкономикалық көрсеткіштерінде өсім қалыптасқан. Өнеркәсіп өнімдерін өндіру 13,6 пайызға артып, 34 млрд 692 млн теңгенің өнімі өндірілді. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 8,5 пайызға артып 17 млрд 828 млн теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 31 870,9 млн теңгені құрап, 104,3 пайызға орындалды. Тұрғын үй көлемі 24 509 шаршы метр болатын 158 жеке тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 120,8 пайызды құрады. Бөлшек сауда көлемі 3 449,8 млн теңге болып, 101,9 пайызға орындалды. Құрылыс жұмыстарының көлемі 173,6 пайызға орындалып, 9 млрд 137,0 млн теңгені құрады.

Былға мейеленген экономикалық өсімінің жоспары қатаң бақылауға алынып, сапалы орындалуы тиіс. Облыстық басқарма, департаменттермен тығыз байланыста болып, нәтижелі жұмыс жасаңыздар, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ жыл соңына дейін жоспарланған қаржыларды 100 пайызға орындап, дебиторлық және кредиторлық берешектерге жол берілмеуін қамтамасыз ету қатаң тапсырылды.

ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне қарақұйық жануары енгізілген. Жалағаш ауданы бойынша таралу аймағы Майлыөзек, Жаңадария каналдары бойында және Қызылқұм бөлігін алып жатқан Қосарық орманшылығының орамдарында мекендейді.

Жыл басынан бері мемлекеттік орман қоры жерлеріне заңсыз аң аулауды болдырмау және алдын алу мақсатында 34 рейд ұйымдастырылып, аң аулау ережелерін бұзған 3 жағдай бойынша өкімшілік хаттамалар рәсімделген.

Бұл ретте жауапты сала басшыларына құзырлы органдармен бірлесіп, мемлекеттік орман қоры жерлеріне заңсыз аң аулауды болдырмау және алдын алу мақсатында рейд жұмыстарын күшейту жұмыстары қатаң тапсырылды. Сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі жабайы жануарлар мен құстарға жыл сайын санақ жұмыстары жүргізіліп қамтамасыз ету ескертілді.

Сезім НҰР

Хабарландыру

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 13.12.2024 жылғы ұйғарымына сәйкес, «Ақсу өлі» ЖШС-ның құрылтайшылары (қатысушылары) үшінші тұлғалар ретінде іске тартылғаны хабарлаймын.

Сот отырысы 2024 жылы 23 желтоқсан сағат 16.30-да Қызылорда қаласы Айтеке би көшесі №29 үй мекен-жайы бойынша өтті. Қосымша ақпарат алу үшін 8-777-067-66-35, 8-708-769-25-30 байланыс телефонына қоңырау шалуға болады.

«Ақсу өлі» ЖШС өкімшілігі

Сұхбат

Жылу маусымының басталғанына біршама уақыт болды. Бірақ аязды күндер алда. Қыс айларында ел жаурамайтындай аудан жұрты биылғы жылу маусымына сақадай сай ма, көмір қоры жеткілікті ме? Соңғы жылдары газдандыру жұмыстары қалай жүреді? Осы және өзге де бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Фабит Ерболұлымен сұхбаттастық...

Фабит Ерболұлы, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы:



Әрбір жоба өміршең болуы тиіс

– Фабит Ерболұлы, жалпы жылу маусымы күзде басталғанымен, қыс қаһарына өнді мінді. Алда әлі бұл маусымға Жалағаш жұрты дайын ба?

– 2024-2025 жылдардағы жылу беру маусымына аудан бойынша қатты отын қажеттілігі 11 573 тоннаны құрайды. 100 әлеуметтік және бюджеттік нысанға сұйық отын қажеттілігі 1 762 тонна, қатты отын қажеттілігі 2573 тонна, аудан тұрғындарына қажеттілік 9 мың тоннаны құрайды. Тарқатып айтсақ, ауданда 81 әлеуметтік нысан, 19 мемлекеттік мекеме бар. Әлеуметтік нысандардың 28-і сұйық отынмен, 37-сі қатты отынмен, 14-і газбен, 2-еуі электр қуатымен жылытылады.

Был шілде айынан бастап жеке кәсіпкер «Дүйсебаева» 5 330 тонна, «Олжас-2005» ЖШС теміржолмен 630 тонна, жеке кәсіпкер «Нурманов» теміржолмен 207 тонна жеке кәсіпкер «Қырмызы» арқылы автокөлікпен 5664 тонна қатты отын жеткізді. Барлығы 11 834 тонна қатты отын жеткізілді. Қазіргі таңда қоймаларда 960 тонна көмір бар.

2024-2025 жылдардағы жылу маусымына дайындық пен оны өткізуді үйлестіру жөніндегі аудандық штаб құру, аудандық өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін жылу маусымына дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары аудан әкімінің 2024 жылғы 15 мамырдағы №185 өкіміне сәйкес бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар қазіргі таңда тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз ету мақсатында көмір жеткізуші «Қырмызы», «Дүйсебаева» қатты отын жеткізіп беруші жеке кәсіпкерлермен өзара ынтымақтастық меморандумы жасалды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №55 бұйрығымен бекітілген «Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың құз-п-қысы кезіндегі жұмысқа әзірлік паспорттарын алуға 15 тамыздан бастап құжаттар қабылданып, барлық нысан әзірлік паспортын алды.

– Атталаан маусымға білім ошақтары және басқа да әлеуметтік нысандар сақадай сай ма?

– Білім саласы бойынша барлығы 23 нысан бар. Оның ішінде 20 мектептің 17-сі сұйық отынмен, 2-еуі қатты отынмен, 1 мектеп газбен жылытылады. Мектептерге жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 1607,8 тонна, қатты отын қажеттілігі 854 тоннаны құрайды.

Был мектептерге сұйық отынға 615 млн теңге, қатты отынға 12,1 млн теңге қаржы бөлінді. 1607,8 тонна сұйық отынға жеткізіп берушілермен келісім-шарт жасалған. Қазіргі таңда мектептерде 1110 тонна сұйық отын, 854 тонна қатты отын қоры бар. Ал «Ақтөре» лагеріне сұйық отын қажеттілігі 22,4 тоннаны, Оқушылар үйіне 41,6 тоннаны құрайды. Индустриалды-аграрлық колледжде қатты отын қажеттілігі 120 тоннаны құрап отыр. Бүгінде 120 тонна қатты отын қоры бар.

Балабақшалар бойынша 10 балабақшаның 6-ауы сұйық отынмен, 1 нысан қатты отынмен, 3 нысан газбен жылытылады. Балабақшаларға жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 198,1 тонна, қатты отын қажеттілігі 20 тоннаны құрап отыр. Қазіргі таңда балабақшаларда 22 тонна сұйық отын, «Арай» балабақшасында 38 тонна қатты отын қоры бар.

Мәдениет саласы бойынша 20 нысанға 2-еуі сұйық отынмен, 14 нысан қатты отынмен, 3 нысан газбен, 1 нысан электр қуатымен жылытылады. Мәдениет нысандарына жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 32,3 тонна, қатты отын қажеттілігі 939 тоннаны құрап отыр. Қазіргі таңда нысандарда 20,5 тонна сұйық отын, 939 тонна қатты отын қоры бар.

Денсаулық сақтау саласына қарасты 19 нысанмен 3-еуі газбен, 14 нысан қатты отынмен, 2 нысан сұйық отынмен жылытылады. Нысандарға жылу беру

маусымына қатты отын қажеттілігі 33 тоннаны құрайды. Биыл қатты отынға 11,8 млн теңге қаржы қаралды. 560 тонна қатты отынға келісім-шарт жасалды. Сұйық отын сатып алуға 11,2 млн теңге қаржы қаралды. 33 тонна сұйық отынға келісім-шарт жасалды. Қазіргі таңда нысандарда 25 тонна сұйық отын, 560 тонна қатты отын қоры бар.

Спорт саласы бойынша 9 нысанның 1-еуі сұйық отынмен, 5-еуі қатты отынмен, 1 нысан электр қуатымен, 2 нысан газбен жылытылады. Спорт нысандарына жылу беру маусымына сұйық отын қажеттілігі 35 тоннаны, қатты отын қажеттілігі 220 тоннаны құрайды. Қазіргі таңда нысандарда 220 тонна қатты отын, 20 тонна сұйық отын қоры бар.

– Жалпы аудан орталығы «көгілдір» отына қосылғаны бірнеше жыл болды. Одан бері кентке жақын елді мекендерді газдандыру жұмыстары жүрді. Ауылдық елді мекендерді газдандыру, кентпелі «көгілдір» отына қосылмаған нысандарға газ кіргізу жұмыстары жалағашына таба ма?

– Жалағаш кентінде орталықтандырылған газ желісі 2021 жылдың шілде айында пайдалануға берілді. Қазіргі таңда Жалағаш кентіндегі 3 мың тұрғын үй және 26 әлеуметтік, 131 кәсіпкерлік нысан, Ақсу елді мекені бойынша 225 тұрғын үй немесе 72,6 пайыз, Мөрәлі Шөменов елді мекені бойынша 78 тұрғын үй немесе 38,04 пайызы орталықтандырылған газ желісіне қосылған.

Был елді мекендерді газдандыру мақсатында барлығы 1086,2 млн теңге бөлінді. Атап айтқанда, Мөрәлі Шөменов елді мекенін газдандыру жұмыстарына 2023 жылға облыстық бюджеттен 63,8 млн теңге бөлініп, тиісті қаражат шегінде жұмыстар жүргізіліп, бөлінген қаржы толығымен игерілді. Сондай-ақ был Ұлттық қордан 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 485,3 млн теңге қаралды. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстары аяқталып, бөлінген қаржы толығымен игерілді.

Қазіргі таңда Мөрәлі Шөменов елді мекенінде 78 тұрғын үй немесе 38,04 пайызы табиғи газ желісіне қосылған. Мердігер мекеме – «А3S and Limited» ЖШС, техникалық қадағалаушы – «Нұрай сервис» ЖШС, авторлық қадағалаушы – «Жамбылпрогазпроект» ЖШС.

Ақсу елді мекенін газдандыруға 2023 жылға облыстық бюджеттен 20 млн теңге қаржы қаралып, бөлінген қаржы шегінде жұмыстар жүргізіліп, тиісті қаражат толығымен игерілді. 2024 жылға құрылыс монтаждау жұмыстарын жалғастыру үшін Ұлттық қордан 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 397,4 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстары толығымен орындалып, қаралған қаржы толығымен игеріліп, нысан пайдалануға берілді. Бүгінде елді мекеннің 225 тұрғын үйі немесе 72,58 пайызы табиғи газ желісіне қосылған.

Енді жаңағы сауалыңызға келсек, елді мекендерді табиғи газ желісіне қосуды жалғастыру мақсатында Қаракеткең, Далдабай елді мекендерін газдандыру жұмыстарына демеушілік есебінен жобалау-сметалық құжаттар әзірленіп, жобаны қаржыландыру үшін облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылды. Жоба құны – 1 148,7 млн теңге. Сонымен қатар Бұқарбай батыр елді мекенін газдандыру үшін жобалау-сметалық құжаттар демеушілік есебінен әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жолданды. Жобалаушы мекеме – «ДосСтройПроект» ЖШС.

Аудан орталығындағы өкімшілік ғимараттар мен әлеуметтік нысандарды табиғи газге ауыстыру мақсатында был бюджеттен 68,4 млн теңге бөлінді. Атап айтқанда, Жалағаш кенті өкімі аппаратының қазандығы табиғи газ же-

лісіне қосылып, пайдалануға берілді. Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қазандығын табиғи газ желісіне қосу аяқталып, пайдалануға берілді. Аудандық бюджеттен бөлінген 19,4 млн теңге толығымен игерілді. Жалағаш кентіндегі №123 мектеп-лицейің №246 орта мектеп табиғи газға ауыстыру жолымен қазандықты реконструкциялауды жүзеге асыру жұмыстары аяқталып, нысандар пайдалануға берілді. Мердігер мекеме – «ДосСтройПроект» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «Шебер Құрылысшы» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «Прект Сервис» ЖШС.

– Енді осы жылдың қорытындысын сараласақ... Ауданда соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алды. Әлбетте бұл – қуантарлық жағдай. Жалпы ауданда жол сапасын жақсарту мақсатында қандай жобалар жүзеге асты және алда тағы қандай жоспарларыңыз бар?

– Жалағаш ауданының автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 240,9 шақырымды құрайды. Оның 50 шақырымы республикалық, 60,6 шақырымы облыстық және 130,3 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолдары болып табылады. Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының 113,7 шақырымы немесе 87,3 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда, 16,6 шақырымы немесе 12,7 пайызы қанағаттанарлықсыз жағдайда.

Ауданда 240 шақырымды құрайтын 223 көше бар. Оның 197,8 шақырымы немесе 82 пайызы қанағаттанарлық, 42,3 шақырымы немесе 18 пайызы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Был жыл саласына 1 млрд 293,4 млн теңге қаралды. Оның ішінде республикалық бюджеттен 50 млн теңге, облыс қазынасынан 1 млрд 243,4 млн теңге қаралды. Бөлінген қаржыны 305,1 млн теңгесіне Мөрәлі Шөменов ауылына кіреберіс аудандық маңызы бар автомобиль жолына жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Тарқатып айтсақ, 1,3 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар Мөрәлі Шөменов ауылына кіреберіс автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 305,1 млн теңге қаралды. Мердігер мекеме «Алем Транс жол» ЖШС жеңімпаз болып табылды. Техникалық қадағалаушы – «SD Проект консалтинг» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «Игілік Строй проект» ЖШС. Қазіргі таңда асфальт төсеу жұмыстары толығымен аяқталып, нысанды қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

Был 4 елді мекеннің 16 ішкі көшесі жөндеуден өтті. Оның ішінде Аққу ауылынан 8 көше, Есет батыр ауылынан 5 көше, Бұқарбай батыр ауылынан 2 көше, Таң ауылынан 1 көше бар. Аққу елді мекенінің 10 көшесін күрделі жөндеу жұмыстарының жалпы құны 457,1 млн теңгені құрайды. Ішкі көшелердің жалпы ұзындығы – 8,4 шақырым.

Есет батыр ауылының 5 көшесін күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 545,8 млн теңге қаралды. Мердігер мекеме – «Ақтоған» ЖШС, техникалық қадағалаушы – «SD проект консалтинг» ЖШС, авторлық қадағалаушы – «Игілік строй проект» ЖШС.

Мұнан бөлек Таң ауылындағы 10 дана екі пәтерлік тұрғын үйге көше жарығы бар кірме автомобиль жолын салу жұмыстарына облыстық бюджеттен 105,7 млн теңге қаралды. Мердігер мекеме – «Merci KZ» ЖШС, техникалық қадағалаушы – «Раян и К» ЖШС, авторлық қадағалаушы – «GEOPSDKZO» ЖШС. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, нысан ел игілігіне пайдалануға берілді.

Бұқарбай батыр ауылының 11 көшесінің құрылысына келсек, ол жобаның жалпы құны 403,1 млн теңгені құрайды. Жалпы ұзындығы – 4,7 шақырым. «Қыран» ЖШС жеңімпаз болып табылды.

Техникалық қадағалаушы – «SD проект консалтинг» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «Мекен и К» ЖШС. Республикалық бюджеттен 50 млн теңгесі бөлінді. Тағы да қажетті қаржы көлемі 332,6 млн теңгені құрайды.

Былға бөлінген қаржы шегінде 2 көшеге асфальт төсеу жұмыстары жүргізілді. Жоба 2025 жылға өтпелі. Жалпы жоба құны 715,2 млн теңге құрайтын Жалағаш кентінің 11 көшесін күрделі жөндеу жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, «Қызылорда жолдары» ЖШС жеңімпаз болып анықталды. Бүгінде келісім-шарттар жасалды. Жобаны қаржыландыру мақсатында облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды.

Мөрәлі Шөменов ауылына кірме жолдан оң жақ және сол жақ көшелерінің құрылыс жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, «Қыран» ЖШС жеңімпаз болып табылды. Жалпы құны – 86,5 млн теңге. Бүгінде келісім-шарттар жасалды. Жобаны қаржыландыру мақсатында облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды.

Еңбек ауылының 3 көшесін орташа жөндеу жұмыстарына 2023 жылы аудандық бюджеттен 2 млн теңге игерілді. Жоба 2024 жылға өтпелі. Жалпы жоба құны – 62,3 млн теңге. Мердігер мекеме – «Орда Автордор» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «Айбар Ш» ЖШС. Жобаның толық аяқталуға 59,5 млн теңге жетпелі. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды. Жоба құны 294,9 млн теңгені құрайтын Ақсу ауылының 3 көшесінің құрылыс жұмыстарына жарияланған мемлекеттік сатып алу рәсімдері нәтижесінде «Р и А - Сервис ЛТД» ЖШС жеңімпаз болып табылды. Бүгінде келісім-шарттар жасалды. Жобаны қаржыландыру мақсатында облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды.

Бүгінде жалпы жол жөндеу бағытында құны 6 млрд 124 млн теңге құрайтын 21 жобаны қаржыландыру үшін облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінімдер тапсырылды.

– Бабыптен қарасақ, был ауқымды жобалар жүзеге асқан, алдағы жылдың өнішінде де айтарлықтай жобалар бар екен. Олардың құрылыс сапасы бақылауда ма?

– Аудан өкімі осыған дейінгі мөжіліс отырыстарында әрбір жобаның сапалы орындалуы үшін бақылау жұмыстары ұдайы жүріп керектігін тапсырып келеді. Сондықтан барлық жобаның жүзеге асуы барысы үнемі бақылауда. Олай болуы да заңдылық. Себебі алдағы уақытта ол жобалар өміршең болуы тиіс.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Тағзым

Ел қорғаны Бәйтен батыр

Қазақ тарихында елің, жерін жаудан қорғап, батырлығымен аты шыққан тұлғалар аз болмаған. Соның бірі – Бәйтен батыр. Ол – қазақ-қалмақ соғысында ерлігімен ел есінде қалған айбынды батырдың бірі. Бәйтен батырдың ерлігі әсіресе ұлт бірлігін нығайтып, жауға қарсы күрестегі ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленеді.

Бәйтен батыр қалмақтарға қарсы ірі шайқастарда ерекше ерлік көрсетіп, сарбаздарын жеңіске жетеледі. Оның стратегиялық ойлауы мен батылдығы жауынгерлерге үлкен сенім ұялатты. Осы соғыстарда Сәрке батырмен тізе қосып, жауға қарсы тұрып, үзегілес дос ретінде танылды. Сәрке батыр мен Бәйтен батырдың достығы халық арасында аңызға айналған. Олар тек жауға қарсы күресте емес, ел ішінде бейбітшілік пен тәртіпті сақтау жолында да бірлесіп қызмет етті.

Сонымен қатар Бәйтен батырдың Жүзжасар бимен достығы да ерекше құрметке лайық. Бұл достық елдің ынтымағын нығайтуға және әділдікті сақтауға зор ықпал етті.

Бәйтен батыр – тек батырлығы ғана емес, қарапайымдылығы мен әділдігімен де халықтың жүрегінен орын алған тұлға. Оның ұрпақтары да бабаларының есімін ардақтап, ерлігін ұмыт қалдырмады.

Қызылорда облысының Жалағаш кентінде ерекше рухани шара өтті. Баба ұрпақтары елге танымал Бәйтен батырдың рухына тағзым

етіп, ұрпақтар сабақтастығын дәріптеді. Бұл жиын ел тарихына, ұлттық құндылықтарға деген терең құрметтің белгісі іспеттес. Тағлымды шараға тек батырдың ұрпақтары ғана емес, сондай-ақ облыстың әр өңірінен келген қонақтар, ел ағалары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Бәйтен батыр – ел басына күн туған қиын-қыстау заманда халықтың мүддесін қорғаған, әділдігімен, батырлығымен аты шыққан тарихи тұлға. Оның есімі тек бүкіл қазақ жұртының жадында сақталған. Бәйтен батыр ерлігі ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып айтылып, халқына адал қызмет етуімен елге өнеге болған. Аудандағы шара барысында батырдың өмірі мен ерлігі туралы тағлымды естеліктер айтылып, оның туған жерін қорғаудағы қызметі ерекше атап өтілді. Батырдың есімі ұрпақ үшін ұлттық рух пен патриотизмнің үлгісі ретінде мадақталды.

Бұл шара тек ата-бабаларды еске алып қана қоймай, қазіргі буын мен келешек ұрпақты бірлікте болуға, ұлт құндылықтарын құрмет-

теуге шақырады. Жиында Құран оқылып, батырдың рухына арналып дуға жасалды. Бұл дәстүр ұлттық болмысты сақтаудың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл шара – тек ата-баба рухына тағзым ету ғана емес, сондай-ақ жас ұрпақты рухани тәрбиелеу мен бірлікке шақырудың жарқын көрінісі. Бәйтен батырдың ерлік жолын ұлықтау арқылы ұрпақтар өз тамырынан нәр алып, елдік мұраттарға адал болуды мақсат тұтады. Шара барысында сөз алған ел ағалары мен қоғам қайраткерлері қазақ тарихындағы батырлардың рөлі туралы айтып, олардың есімін келер ұрпаққа жеткізу ортақ парыз екенін атап өтті.

Тағлымды шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, Жалағаш ауданының құрметті азаматы, кент ардагерлер кеңесінің төрағасы Құлмахан Қожантай, Сырдария ауданының құрметті азаматы, республикаға еңбегі сіңген ұстаз Рақымжан қажы Байменов, Ұлытау облысынан келген қонақ Қордашев Әбдіхан, Қалжан ахун ауылының құрметті азаматы Дүйсенбаев Бо-



лат, Жалағаш ауданының құрметті ардагері Байтынов Мыңбай, облыстың құрметті ардагері Жүсіпбеков Қосым, Қазақстан Журналистер және Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі Керімов Рысбай, Бұқарбай батыр ауылының бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Қабланбек

Нұрмағанбетов сияқты халық қалаулылары қатысты. Бұл шара қазақ халқының елдік пен бірлікті насихаттаудағы тағы бір айқын қадам болды. Мұндай шаралар өткенді еске алу ғана емес, ұрпақты рухты көтеріп, ұрпақтар арасындағы байланыс пен сүйіспеншілікті нығайта түсетіні анық. Жалағаштағы бұл жиын дәстүр мен

руханияттың жарқын үлгісі ретінде ел есінде қалмақ. Бәйтен батырдың есімі мен ерлігі халық жадында мәңгі сақталады. Оның ел қорғаудағы батырлығы, достыққа адалдығы және халыққа жасаған қызметі әрдайым ұрпақтан-ұрпаққа ұлт бола бермек.

Сұлтанбейбарыс БАҚЫТБЕК,
батыр ұрпағы

Ниет

Зекет – бес парыздың бірі

Зекет – ислам дінінің негізгі бес тірегінің бірі. Тілдік тұрғыда тазару, өсу, өну, арту және бәреке деген мағынаны білдіреді. Ал шариятымызда зекет деп нисап көлеміне жететін дәулеті бар мұсылман кісінің Алла разылығы үшін байлығының бір бөлігін жылына бір рет Құранда көрсетілген топтағы адамдарға беруді айтады.

Алла Тағала қасиетті Құранның көптеген аяттыңда зекетті намаз құлшылығымен бірге бұйырған. Бұл да бізге зекеттің қаншалықты маңызды амал екенін көрсетуде. Мысалы, қасиетті Құранның «Бақара» сүресінің 43-аятында «Намазды толық орындаңдар және зекетті беріңдер» деп айтылған.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) зекетті бес парыздың ішінде атап, «Ислам бес нәрсеге негізделген. Алладан басқа құдай жоқ екеніне және Мұхаммед оның елшісі екеніне күәлік беру, намазды орындау, зекет беру, рамазан оразасын ұстау, шамасы келген кісіге Алланың үйіне қажылық ету» деген. Сол себепті мұсылман адамның мал-дүниесі нисап мөлшеріне жетсе, оның белгілі бір бөлігі мұқтаждардың ақысы болып есептеледі. Зекет парыз амал болғандықтан ондай адамдардың зекетті бермей қоюына болмайды. Хакім Абай атамыз:

«Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы түт бәрін тегіс»
деп мұсылман адам бес парызын толығымен орындау керектігін айтқан.

Зекеттің шынайы қадір-қасиетін түсініп, оның маңыздылығын ұғынуымыз үшін оның артықшылықтары жөнінде білуіміз қажет. Бірінші зекет беру арқылы адамдар арасында сүйіспеншілік орнайды. Мұқтаж адам мен ауқатты адамның арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілік артады. Осыны терең түсінген халқымыз «Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисің, бай болсаң, халқыңа пайдан тисің», «Қайырсыз адам – саран, құм ішінде шөлмен тең, қайыры мол адам – суаты шалқар көлмен тең» деп ауқатты адамдарды мал-дүниесі арқылы қоғамға пайда тигізуде шақырған. Өзгелер үшін қолыңдағы барын аямай, жомарттық таныта білген ауқатты адамдардың халық дәрежесін көтеріп, «Атымтай жомарт», «Ақ пейіл жан» деп атайтын болған. Абай Хакім де өзінің өкесі Құнанбай қажыны:

«Мұсылманға қоймаған,
Орынсыз жанжал шаптақты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырған ғаріп, жатақты» деп сипаттаған.

Ахат Шәкәрімұлы да өз естелігінде Құнанбай қажы жайында «Бұрын зекет беруді білмейтін байларға малыңан зекет беруді орындатып, оларды нағыз нашар, кемтар, жетім-жесірлерге бергізген» деп жазған.

Зекет пен садақаның қоғамда осындай үлкен маңызды орны болғандықтан бұрынғы ақсақалдар, зиялы қауым өкілдері оны әрдайым насихаттап отырған. Мысалы, Ыбырай Алтынсарин бабамыз «Біреудің еңбегі дүниеде пайда болып табылып, бай болады. Біреудегі пайда бола алмай жарлы болады. Соның үшін де лақыр, міскіндерге байлардан Құдай Тағала зекет, хайыр-садақалар бұйырды. Бірақ осындай рахымды болуды Құдай Тағала сүйемін нем ақыретке бұл қайырларының орнына жұмақ бұйырып, мәңгі рахатта қалдырмай деп уағда етті. Егер дүниедегі мағды Құдай бергеніне түсінбей, жалғыз

өз малым деп, бар зекет-хайырдан топталған адамдар, яғни өзі қолынан келіп тұрғанда бетенге хайыр етуді білмеген адам өзгеден нем хайыр үміт етпесе керек» деген.

Асыл дініміз осылайша көптеген үкімде мұсылмандардың өзара байланысының нығаюына, сүйіспеншіліктерінің артуына ерекше мән береді. Мысалы, намаздың жамағатпен оқылуы адамдардың бір-бірін көріп қана қоймай, өзара тығыз араласуына ықпал етеді. Ораза ұстап, күні бойы ішіп-жеуден өзін тыйған адам, бүкіл болмысымен қарны аш, мұқтаж адамдардың жай-күйін сезініп, оларға жәрдемдесуге тырысады. Зекет-садақа беру арқылы да қоғамда адамдар арасында өзара құрмет пен сыйластық артады.

Екінші зекет адам нәпсісін тазартады. Қолында бар дүниені өзгеге беру адам нәпсісіне өте ауыр келетін іс екені белгілі. Алайда Алла Тағалаға иман келтіріп, екі дүние бақытын қалаған адам қалайда бойындағы жаман мінездерін жөндеп, жүрегіндегі рухани дерттерін емдеуі қажет. Адам баласының осындай арылуы керекті болған сипаттардың бірі – сараңдық. Шәкәрім бабамыз «Құдай Тағаланың пақырлар үшін жүз қойдан бір қой зекет бізге осынша ауыр көрінгені қалай? Тегінде байқасаңыз, бізге көрінбей тұрса да бізді теріс жолға қызықтырып, оң жолдан жіріккөндіріп тұрған бір нәрсе бар емес пе? Сол шайтан деген жауыңыз. Не қылсаңыз соған алдатпа» деп сараңдықтың шайтан мен нәпсіден екенін айтқан. Ал шайтанның азғыруына ермей, сараңдық дертін емдеудің бірден-бір жолы – Алла жолында мал дүниенің белгілі бір мөлшерін сарп етіп үйрену. Алла Тағала «Хашр» сүресінің 9-аятында «Кім өзінің сараңдығынан сақталған болса, міне, солар – табысқа жетушілер» деп айтқан.

Зекет пен садақа берушінің де, алушының да нәпсісін тазартады. Ауқатты адам қолында барын Алла жолында жұмсау арқылы жүрегіндегі сараңдықты жойса, мұқтаж адам оны алу арқылы дүниесі бар адамға деген көреалмаушылық, қызғаныш, жек көру сияқты дерттерден арылады. Алла Тағала қасиетті Құранның «Тәубе» сүресінің 103-аятында «Олардың дүние-мүлкінен (малдары көбейіп, берекет табуы үшін) зекет, садақа ел Сол арқылы тазартып, күнәларынан арылт» деген.

Қаблеса жырау бабамыз да: Әй, мұсылман жарандар,
Малыңнан зекет беріңіз.
Бірлігін Хақтың біліңіз.
Хақ жолымен жүріңіз,
Пәк болады дініңіз, – деп зекеттің адамның руханиятын тазартатынын айтқан.

Үшінші зекет беру арқылы адамның мал дүниесіне бәреке кіреді. Алла жолында мал сарп етушінің мал-дүниесі кемімейді. Керісінше оған бәреке кіріп, молая түседі. Себебі мұқтаж жандарға зекет беру мал-мүлік берген Жаратушыға шүкірлік етудің бір-көрінісі болып табылады. Алла Тағала «Ибраһим» сүресінің 7-аятында «Егер шүкір өтсеңдер,

арттыра беремін» деп шүкір етуші пенделерінің нығметін одан әрі артыратынын айтқан. Бұған қоса зекет мал-мүлкіті арам кезден, көре алмаушыдан, ұрыдан, ит-құстан қорғап тұрады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Мал-мүлкітеріңді зекет пен қорғандар» деуі осыдан (имам Бәйһәқи). Демек, осы уақытқа дейін зекетті берген пенделердің мал-мүлкі зекет беру салдарынан кемімейді. Керісінше зекет берушілердің мал-жаны бәрекеге көнеліп, арта түседі. Бұл орайда зекет берушінің мал-дүниесін құдықтың суымен салыстыруымызға болады. Құдықтың бетіндегі суды қанша алсақ та, астынан тағы да шығып, толатыны сияқты, мал-дүниесін Алла жолында жұмсаған адамның дүниесіне де осылайша бәреке кірмек. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағы бір хадисінде «Садақа ешбір малды кемітпейді. Алла біреуге кешірім жасаған пендесінің абыройын асырады. Кім де кім Алла үшін кишіпейл болса, Алла оның дәрежесін көтереді» деген (имам Мұслим).

Төртінші зекет беру үлкен сауапқа көнелтеді. Зекет беру арқылы адам баласы Алла Тағаланың бұйырған парызы амалын орындайды әрі ақыреттік мол сауапқа көнеледі. Алла Тағала қасиетті Құранның «Бақара» сүресінің 261-аятында «Алла жолында мал сарп қылғандардың мысалы – жеті бірдей масақ шығарған, әр масағында жүз дән бар дәнек төрізді. Әрі Алла кімге қаласа, нәше есе арттыра береді. Алла тым көң, әр нәрсені білуші» деп садақаның сауабы жайында мысал берген.

Бірдеардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасы қой сойып, оның етін садақа ретінде таратады. Сол кезде Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Қойдың қанша бөлігі қалды?» деп сұрағанда, Аиша анамыз (Алла оған разы болсын): «Қойдың бір қолынан басқа ештеңе қалмады» деп жауап береді. Сонда ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Қойдың бір қолынан басқасының бәрі бізге қалды» деп айтсайшы» деген сөзін арнаған. Осылайша берілген садақаның зая кетпей, керісінше өздеріне сауап болып жазылатынын есiet еткен. Сол себепті адам баласының берген зекеті мен садақасының міндетті түрде еселенген қайырымы болады. Алла Тағала қасиетті Құранның «Әнғам» сүресінің 160-аятында «Кім де кім бір жақсылықпен келсе, оған сол жақсылығы үшін он есе сауап жазылады» деп айтқан.

Бірде Фатима анамыз ас ішуге тәбеті болмай отырған кезде хазіреті Әли (Алла оған разы болсын) «Уа, Фатима! Тәтті заттан не жегің келеді?» деп сұрады. Сонда Фатима анамыз «Анар жегім келеді» дейді. Хазіреті Әли базарға барып, бір анар сатып алады. Үйіне келе жатқан жолда науқасқа шалдыққан, қария кісіні көреді. Ол қария өзінің аш екенін айтып, жейтін бір зат беруін өтінеді.



Әли ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Сұраушыны қайтармандар» деген хадисін еске алып, сүйікті жарына апара жатқан анарын өлгі қарияға береді. Үйіне ешнәрсесіз келген Әли жарына болған оқиғаны айтып береді. Фатима анамыз «Уайымдамаңыз. Сіз ол кісіге анарды берген кезде менің анарға деген тәбетім басылды» дейді. Осыдан көп уақыт өтпей есік қағылады. Есікті аша, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір сахабадан анар беріп жіберген екен. Әли анарларды санап көріп еді, саны тоғыз екен. Сонда өлгі сахабадан «Бұның біреуі қайда?» деп сұрады. Әлі сахаба қысылып «Кешірерсіз, менің қарным аш болғасын жолда шыдай алмай мына анарлардың біреуін жеп қойған едім. Бірақ сіз оның санының он екенін қайдан білдіңіз?» дейді. Сонда Әли «Алла Тағала қасиетті Құранда «Кімде-кім бір жақсылықпен келсе, оған сол жақсылығы үшін он есе сауап жазылады деген емес пе? Ал Алла Тағала Өзінің үдесін сөзсіз орындаушы» деген екен.

Зекет мұсылмандарға Алла Тағала тарапынан бес парыздың бірі ретінде жүктелді. Парыз – дәлелдермен әмір етілген діни міндеттер. Парыз деп белгіленген істерді айтпамыз. Сондықтан парызды қандай да бір себеппен орындамау жауапкершіліктен босатпайды. Сол үшін зекет туралы сөз қозғағанда оның парызы екенін жете түсіну маңызды. Яғни зекет барлық адамға бірдей парызы емес. Оның да өзіндік шарттары мен талаптары бар. Мысалы, зекет беру мынадай жағдайда парызы болады:

Бірінші мұсылман болу.
Екінші нисап көлеміне жететін байлыққа ие болу.
Үшінші зекетті берілетін байлықтың көбейіп отыруы.
Төртінші зекетті берілетін байлыққа бір жыл толу.
Бесінші қарызы болмау.
Алла Тағала Қасиетті Құранда кімдерге зекет беру керетін былайша

баяндайды. «Тәубе» сүресінің 60-аятында «Анығында садақа, зекет жоқ-жітікке, кедейлерге, және оған зекетті жинауға қатысты жұмыс істеушілерге, жүректірі бұрылатындарға ислам дінін жаңа қабылдағандарға, құлдарды азат етуге, қарызы барларға, Алла жолына және жолда қалған жолалушыға, Алла тарапынан белгіленген парыз ретінде осыларға тән. Алла бәрін білуші, аса дана» деген.

Сонымен зекет аятта айтылғандай мынадай кісілерге беріледі: Бірінші Аллаңды ашық түрде берсеңдер жақсы. Ал егер оны (бергендеріңді) жасырсаңдар және оны кедейлерге берсеңдер, өздерің үшін қайырлы» деген. Бірінші зекет аятта айтылғандай мынадай кісілерге беріледі: Бірінші мұқтаж – бай болып саналмайтын, нисаб мөлшерінде дүние-мүлкі жоқ адамдар. Екінші кедейлерге. Кедейлер деп ештеңесі жоқ адамдарды айтамыз. Үшінші зекет жинаушыларға. Яғни зекетті таратуға, жеткізуге тағайындалған кісілер. Төртінші жүректірі жұмсарған анарлардың біреуін жеп қойған едім. Бірақ сіз оның санының он екенін қайдан білдіңіз?» дейді. Сонда Әли «Алла Тағала қасиетті Құранда «Кімде-кім бір жақсылықпен келсе, оған сол жақсылығы үшін он есе сауап жазылады деген емес пе? Ал Алла Тағала Өзінің үдесін сөзсіз орындаушы» деген екен.

Зекет кімдерге берілмейді? Зекет берер кезде мына ретті сақтау керек. Бірінші өзінің әке-шешесіне, ата-әжелеріне берілмейді. Екінші өз ұлқыларына және олардан тараған немерелері мен шеберелеріне берілмейді. Үшінші әл-ауқатты бай адамдарға берілмейді. Төртінші мұсылман емес кісілерге берілмейді. Бесінші ерлі-зайыптылар бір-біріне бермейді.

Зекеттің өдептеріне келсек, бірінші таза көңілмен беру. Кімде-кім зекет бергенін мұқтаж кісіге міндетсіз және бергенін сөз етіп тіп тигізсе, зекеттің қабыл болмау қаупі бар. Алла Тағала Құран Керімде «Бақара» сүресінің 264-аятында: «Уа, иман келтіргендер! Мал дүниесін адамдарға рия үшін жұмсап, Аллаға және қиямет күніне сенбейтін біреу секілді садақаларыңды міндетсізін және ренжіту арқылы зая кетіргендер» деген.

Екінші ең жақсысын беру. Құранда «Бақара» сүресі, 267-ші аятта «Уа, иман келтіргендер! Тапқандарыңның және біз сендерге жерден шығарып бергеніміздің жақсылықтарын садақа етіп жұмсаңдар. Әрі көздеріңді жұмып тұрып, болмаса өздерің де алмайтын нашар нәрсені жұмсауға талпынбаңдар. Алланың аса бай, өте мақтаулы екенін біліңдер» деген.

Үшінші, көпшіліктің көзінен жасырып беру. Алла Тағала «Бақара» сүресінің 271-аятында: «Егер садақаларды ашық түрде берсеңдер жақсы. Ал егер оны (бергендеріңді) жасырсаңдар және оны кедейлерге берсеңдер, өздерің үшін қайырлы» деген.

Бұл дүниеде Алла Тағаланың пендесіне берген ризық-несібісі өркелік. Мәселен, біреулер байлықпен адам баласына берген сынағы. Өйткені Алла Тағала «Әли Иман» сүресінің 26-аятында «Мұхаммед былай деп айт: Уа, Мүлік иесі болған Алла! Сен қалаған жанға мүлік бересің. Сен қаламасаң, сол мүлкіті оның қолынан алып қоясың. Сен қалағаныңның абыройын арттырасың, қалағаныңды қорлыққа саласың. Барлық иілік бір өзіңнің иелігінде. Сенің құдіретің барлық нәрсеге толық жетеді» делінген.

Алла қалаған пендесінің ризық-несібісін байытады, қалаған пендесінің ғұмырына кедейшілік береді. Кім осы сынақты сабырмен, табандылықпен өңерсе, дәулетіне шүкір етіп, ақысын берсе, Құдай Тағала ол пендені ерекше сый-сияпаттармен марапаттайды. Дегенмен дәулетті кісі зекет-садақасының ақысын берсе, осы дүниеде бәрекетін алады, ақыретте де есебін жеңілдетеді. Алла Тағала берген зекет-садақамызды, тілеген дұға-ниеттерімізді қабыл өтсін!

Жақсыбек қажы ӘБИҰЛЫ,
аудандық «Иманқұл»
мешіттің бас имамы

Сараптама

Су тасқынынан сабақ алдық па?



Көктемде елді есенгіреткен су тасқыны халықтың жадынан өшпеді. Қаншама азамат үйінен айырылып, біраз шығынға батты. Төрт түлігін тасқыннан аман алып қала алмай, амалсыз ауылын тастап, қауіпсіз аймаққа бас сауғалаған жұрт қиыншылықты жеңіп шықты. Еске салсақ, 12 өңірді әбiгерге салған су тасқыны кезінде 120 мыңнан астам азамат құтқарылып, эвакуацияланды. Оның 45 мыңы – бала. Мемлекет тарапынан оларға барлық қажетті көмек көрсетіліп, баспанасыз қалғандар үшін эвакуациялық пункттер ұйымдастырылды. Сондай-ақ шамамен 10 млрд теңге көлемінде 150 АЕК есебінде 21 880 отбасына келтірілген материалдық залал өтелді.

3 су қоймасы жөнделеді

Абырой болғанда облыста қысқоқтем мезгілінде су тасқынының алдын алудың көшпенді шаралары нәтижесінде оқиғалар мен қауіпті жағдайлар болған жоқ. Әйтсе де апат айттып келмейді, сондықтан алдын алу бағытында жүйелі жұмыстарды ұйымдастырып, кез келген жағдайға дайын болуымыз қажет. Мәселен жауапты мамандар Сырдария өзенінің су шаруашылығы нысандарын зерттегенде жағалаудың осал тұстарын анықтаған. Бұл учаскелердің кейбіреуі республикалық меншікте. Бұдан бөлек облыс аумағында 4 стратегиялық маңызды су торабы бар. Олар арқылы мол суды қауіпсіз өткізу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бүгінде 6 су қоймасының 3-еуін жөндеуге облыстық бюджеттен 94,9 млн теңге бөлінген.

410 техника дайын

Қазіргі таңда «Шардара» су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 250 текше метр су жіберіледі. Жауапты мамандардың айтуынша, өзендегі ахуал тұрақты, өзендегі су деңгейі тиісті қатаң бақылауда.

«Арал-Сырдария» бассейнінің негізгі су көзі болып табылатын Сырдария өзені Нарын мен Қарадария өзендерінің қосылған жерінен бастау алады. Сырдария өзенінің су қоры Тоқтағұл, Әндіжаң, Бахри-Тоңик, Шарбақ, Шардара су қоймаларының және Көксарай су реттегішінің жұмысымен реттеледі. Өзеннің еліміз теңірегіндегі жалпы ұзындығы 1 746 шақырымды құрса, оның 465 шақырымы Түркістан облысы және 1 281 шақырымы Қызылорда облысы төңірегін өтіп, Солтүстік Арал теңізіне құяды. Арал-Сырдария бассейнінде жалпы ұзындығы 4 744 шақырымды құрайтын, Сырдария өзеніне құятын Келес, Арыс, Бадам, Бұрылдай, Бөген және 121 кіші өзен бар. Бұл өзендердің ағыстары 38 су қоймаларының жұмысымен реттелген. Қызылорда облысы аумағында 228 көл, оның ішінде Сырдария өзені арнасынан тікелей сумен қамтамасыз етілетін 50-дің үстінде көл бар. Сырдария өзені арнасында орналасқан көлдерге, ескі арналарға және жайылдықты жерлерге орта есеппен жылына 4000-4500 млн текше метр су жайылады.

Айта кету керек, облыс аумағында барлығы 37 гидротехникалық құрылыс орналасқан. Су басу қаупі бар аймақтарға арнайы техника, құшқұралдары бар жауапты мекемелер бекітілген. Нақтырақ айтқанда, 39 су басу қаупі бар аймаққа 135 мекеме бекітіліп, 410 арнайы техника мен 1 234 адам күші бар.

Сондай-ақ облыста ауа райының күрт суытуынан 9 желтоқсаннан бастап Арал және Қазалы аудандары аумағында күр жұру процестері басталды. Бүгінгі мәліметке сәйкес, Қармақшы ауданында 2-3 пайыз, Қазалы су торабында 50-55 пайыз, Ақлақ су торабында 4-5 пайыз құр



жүруде. Сонымен қатар Арал ауданы Қызылжар елді мекені тұсынан бастап Ақлақ су торабына дейін мұз толық ұстасқан. Жалпы ұзындығы 70 шақырымды құрайды. Осы мәселелерге байланысты Ақлақ су торабы мен Қазалы су торабының қауіпсіздігі мен су тасқынынан туындайтын төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында 9 желтоқсаннан бастап транзиттік режимге көшірілген. Одан бөлек Қазалы және Арал аудандары бойынша өндірістік учаске тарапынан түнгі мезгілге көзекшілік ұйымдастырылған.

Ауданға көлер қауіп жоқ

Су тасқынының алдын алу шараларын аудандағы жауапты мамандар қарқынды жүргізуде. Өз кезегінде облыс бойынша су тасқынын болдырмау мақсатында қауіпті учаскелерді нығайтуға бюджеттен тиісті қаражат бөлінуде. Оның ішінде Жалағаш ауданындағы Мөрәлі Шәменов ауылы маңындағы Сырдария өзенінің оң жағалауындағы «Самит арна – Шәменов қайыры» учаскесі аралығындағы қорғаныс бөгетін күшейту жұмыстарын атқаруға облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілген.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов аудандық төтенше жағдайлар бөліміне аудан көлемінде су тасқынының алдын алу мақсатында авариялық құтқару қызметтері мен құшқұралдарының дайындығы үнемі әзір болуын, «Жалағашсушар» өндірістік учаскесіне Сырдария өзенінің бойындағы қауіпті учаскелерге үнемі мониторинг жүргізіп, қатаң бақылауға алуды тапсырып келеді. Сондай-ақ көл және Ақсу, М.Шәменов, Таң, Қаракеткен ауылдық округінің өкімдері Сырдария өзені бойындағы қорғаныс бөгеттерінің жағдайын үнемі бақылауда ұстауда.

Кодекс мақұлданды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясында егер шұғыл шаралар қабылданбаса, судың тапшылығы

экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дағдарыстар туғызуы мүмкін екенін атап өтті. Осы орайда ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар Су кодексі жобасы мен оған ілесіп түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Иә, өмірлік су тасқыны және соңғы жылдардағы оқиғалар су ресурстарын басқару жүйесін реформалаудың аса маңызды екенін айқын көрсетті. Бұл құжатта халықаралық тәжірибенің озық үлгілеріне сай экожүйені қорғау, климаттың өзгеруіне бейімделу және су ресурстарын ұтымды басқару есебінен экономиканы тұрақты дамытуға жол ашатын заңдық тетіктер барынша қамтылған. Судың зиянды әсерінің алдын алуға, оның ішінде жерүсті су объектілерін қалпына келтіруге және су тасқынынан қорғаудың инженерлік жүйелерін құруға бағытталған нормалар енгізілуде. Сүмен жабдықтау жүйелерінің техникалық аудит мәселелері алғаш рет заңнамалық деңгейде реттелді.

Айта кетейік, бүгінде 42 жаңа су қоймасы салу және 37 қолданыстағы су қоймасын реконструкциялау жоспары бар. Сонымен қатар шамамен 14,5 мың шақырым ирригациялық канал жаңғыртылады.

Қауіпті аймақтар алаңдатады

Тіліс жаудың қайталануы мүмкін табиғи апатқа байланысты қауіпті аймақтардың бүгінгі әзірлігіне тоқтасақ... Жайық өзені өтетін Батыс Қазақстан облысы көктемдегі су тасқыны кезінде ең көп материалдық шығынға ұшыраған аймақтың бірі саналады. Статистикаға сүйенсек, 5 927 үй бүлінген, оның 2828-і жарамсыз деп танылған. Бұған қоса тасқын салдарынан 11 әлеуметтік нысан бүлінген. Желтоқсанға дейін 6 нысан күрделі жөндеуден өткізіліп, қалған бесеуінде өлі де жұмыстар атқарылууда.

Жалпы облыста 39 гидротехникалық нысан бар. Тасқын кезінде 6 гидротехникалық нысан суға төтеп бере алмаған. Оның үшеуі Төректі ауданында, екеуі Бөрліде, соңғысы

Қаратөбеде орналасқан. Қазір барлығы қалпына келтірілген. Тағы 14 су қоймасының реконструкциясы бойынша жобалық-сметалық құжат әзірленуде. 9-ы жыл соңына дейін, қалғаны 2025 жылы аяқталмақ. Су өткізгіш құбырларды салу бойынша 23 жоба дайындалып, облыстық резервтен 1 млрд теңге бөлінген.

БиылкөктемдеАқтөбеоблысының Ырғыз, Хромтау ауданындағы бірнеше ауыл су астында қалды. Мысалы, Балық шаруашылығы үшін кәсіпкерге сенімгерлік басқаруға берілген Ақтөбедегі «Мағаджан» су қоймасының платинасына қажетті күтім жасалмай, онсыз да ел аумағы дүрлігіп тұрған кезең 5 сәуірде бөгет жарылады. Хромтау ауданындағы үш ауыл және Ақтөбеге жақын орналасқан саяжайларды су басып қалды. 15,8 миллион текше метр суды төменге ағызып жіберген бөгет 1985 жылы қолданысқа беріліп, содан бері күтім көрмеген екен.

Қазір аймақтың коммуналдық меншігінде 206 гидротехникалық құрылыс бар. Биылғы су тасқыны кезінде Ақтөбе аумағындағы 15 гидротехникалық құрылыс бұзылған.

Бүгінде Темір ауданындағы Қара қорғаныс дамба, Көсем және Теренсай бөгеті қалпына келтірілгені, тағы 19 қорғаныс бөгетін қалпына келтіру мен өзен жағаларын бекіту үшін құрылыс-монтаждау жұмыстары басталған. Сондай-ақ 245 млн текше шақырым су сақтай алатын Ақтөбе қоймасында қазір 53 млн текше шақырым су бар. Қажет болған жағдайда су қабылдауға дайын.

Су тасқынынан Атырау өңірінің 3 ауданы қатты зардап шеккен еді. Әсіресе Құлсары қаласының халқы үйінен, малынан айырылды. Қазір шығынды бәрі толық өтеліп, баспанасынан айырылғандар жаңа үйге қоныстанып үлгерген. Дайындық басында Жылыой ауданына қарасты Құлсары қаласында Құрсай каналының 32 шақырымы тазартылып, тереңдетілген. Осындай жұмыстар өткен айда Жем өзенінде басталған. Жалпы ұзындығы 55 шақырым болатын жағаның 1,5 шақырымы тереңдетілген. Сондай-ақ Жайық өзенінің Каспий теңізіне құятын шығыс беттегі сағасы тереңдетілген. Құрманғазы ауданындағы Қиғаш өзені де тазартылып жатыр.

Ал Ақмола облысында 174 елді мекенде 65 шақырым су өткізу арнасы қазылып, 38 шақырым өзен арнасы тазартылған. Тағы 34 шақырымы кеңейтіліп, тереңдетіліпті. 110 шақырым бөгет нығайтылып, 21 шақырым жаңа бөгет тұрғызылған. 9 елді мекенде су деңгейін бақылау отыру үшін қосымша гидробекеттер салынған.

Түйін: Қысыпталып шақта әрбір қазақстандық зардап шеккен отандастарына болысып, қолдауын аямады. Бір сөзбен айтқанда, өткен қиындықты халық бірге өңсерді. Енді алдағы уақытта тектен оқылқықтарды түзеп, тасқын сумен күресуде заманауи тәжірибелерді қолданып, қайталануына жол бермеу қажет.

Жандос ЖАЗКЕН

Креатив

«Құтқарушылар» аялдамасы

Аудан орталығында ерекше аялдама пайдалануға берілді. Нақтырақ айтсақ, кент тұрғындары енді автобусты Бұқарбай батыр көшесіндегі «Құтқарушылар» аялдамасында күтеді.



Креативті аялдама жұрттың ықыласына бөленіп те үлгерді. Жаңаарт-жобакөпшілікке текпанауамақсатында ғана емес, сонымен бірге ақпараттық көмек ретінде де тиімді. Аялдамада қауіпсіздік ережелерімен, сондай-ақ азаматтық қорғау органдарына қалай орналасуға болатыны туралы ақпаратпен танысуға мүмкіндік бар. Жалпы жобаның мақсаты – құтқарушылардың имиджін көтеріп, төтенше жағдайлардың алдын алу және оны болдырмау.

Мұндай профилактикалық шаралар тілсіз жаудың алдын алуға, сондай-ақ тұрғындардың қауіпсіздікті сақтау аясындағы сауатын артырады. Жалпы аудандық бөлімшеде қызметкерлер 4 ауысым бойынша жұмыс істейді. Әр ауысымда 8 қызметкер бар. Қарауыл бастығынан бөлек 1 бөлімше командирі, 3 өрт сөндіруші-құтқарушы, 2 өрт сөндіру көлігінің жүргізушісі, 1 радиотелефонист қызмет етеді. Өрт сөндіру бөлімінің әдеттегі жұмысы 08:30-дан 08:45-ке дейін кезекшілікке түсетін қарауылға нұсқаулық, ауыстырылатын қарауылдың тәуліктік кезекшілігін қорытындылауынан басталады. Осы он бес минуттың ішінде жаңа ауысым өрт сөндіру техникасын, авариялық-құтқару жабдықтарын қабылдайды. Содан кейін кезекшілікке түсетін қызметкерлердің денсаулығы тексеріледі. Яғни бұл кезеңде мамандардың физиологиялық, психологиялық тұрғыда жұмысқа дайындығына мән беріледі. Содан кейін күнделікті белгіленген кестеге сәйкес өрт сөндіру дайындығы, дәрігерлікті ұйымдастыру сынды сабақтар өтеді. Бір сөзбен айтқанда, жалағаштық өрт сөндірушілер тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сақдай сай, – дейді аудандық ТЖБ бастығы азаматтық қорғау подполковнигі Еркін Назарқұлов.

Сонымен қатар аялдамада қаза болған өрт сөндіруші Асқар Забикуллиннің ерлігі дәріптелген. Ол 2022 жылы 16 қарашада Астана қаласындағы «Қанарман» тұрғын үй кешенінде болған өртте өз өміріне қауіп төнгеніне қарамастан 3 адамды құтқарып қалған еді.

Аудан тұрғыны ретінде қуанып отырмын. Өзім маршрутты жиі пайдаланамын. Өйткені жұмысыммен үйімің арасы қашық. Бұрын автобусты жол жигінен күтетінім, енді міне, ерекше аялдамада отырым. Аялдамада маңызды ақпараттар көп екен. Батыр баламыз Асқардың да ерлігі дәріптеліпті. Бастысы, еліміз амаң жұрттың тыныш болсын, – дейді кент тұрғыны Рысты Күзенбаева.

Биыл Ақсу және М.Шәменов елді мекендері газға қосылды. Осы ретте тұрғындарға газ және электр жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары мен ережелері туралы ақпараттық-насихаттық жұмыстарын күшейту маңызды. Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығының бұйрығына сәйкес, адамдардың қаза болуын және жаракат алу қауіп-қатерін азайту мақсатында аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, аудандық №11 өрт сөндіру бөлімі, аудандық полиция қызметкерлері, еріктілер және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, халық арасында тұрмыстағы электр және жылыту қондырғыларының жылыту пештерін қолдану, балаларды қараусыз қалдырмау, пеш мұржаларын тазарту жөнінде ұнпарақтар таратып, үгіттеу-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы жыл басынан бері орман шаруашылығы аумағындағы өрттердің алдын алу және шығыл ден қою мақсатында 3 рет өрт-тактикалық оқу-жаттығуы өткізілген. Жылу беру маусымы қарсаңында үгіт-насихат жұмыстары кезінде 9 141 тұрғынға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, 2500 жадынама таратылған.

Аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіне 58, атап айтқанда, өрт қауіпсіздігі бойынша 27, мұздағы қауіпсіздік 12, суға шомылу маусымы бойынша 19 мақала жарияланған. Облыстық ТЖД-ның әлеуметтік желісіне және ауданның «Facebook», «Instagram» парақшаларында 303 мақала жарық көрген. Сонымен қатар өрттің алдын алу мақсатында күнделікті күндізгі және түнгі рейд жұмыстарының нәтижесінде орман алқаптарында ашық от көзін пайдаланған 1 азаматқа ҚР ӘҚБТҚ-нің 367 бабына сәйкес өкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, 18 460 теңге айыппұл салынған.

Шыны керек, тек жауапты мамандар ғана емес, әрбір азамат сақтық шараларын күшейтіп, өрт, иістен улану оқиғаларының алдын алу жұмыстарын қатаң сақтағаны жөн. Әйтпесе айдың-күннің аманында «өтпеген-ай» деп қапы қалуымыз әбден мүмкін. Сондықтан тиісті органдар мен қарапайым тұрғындар арасында тығыз байланыс орнату маңызды бола бермек. Сондай-ақ осындай ел игілігі үшін салынған нысандарды ұқыпты пайдалану да маңызды. Бастысы, қауіпсіздік қаперде болсын.

ЖАРЫН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №1997